

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі N 890 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 шілдедегі N 690 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушылар жалға берген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын, сондай-ақ жер учаскелерін жалдау құқығын сату төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі N 890 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 36, 360-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Ақтөбе қаласы" деген жолдағы "137" деген сандар "800" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Атырау қаласы" деген жолдағы "123" деген сандар "741" деген сандармен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе: қалалардағы жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкалары олардың бас жоспарларында анықталған шекара шегінде қолданылады."

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*